



«Телерадиокомпаниясы «Almaty» АҚ | АО «Телерадиокомпания «Almaty»

050057, Алматы қ., Ғабдуллин көш., 88а,
тел: +7 (727) 339-19-87
e-mail: info@almaty.tv

050057, г. Алматы, ул. Ғабдуллина, 88а,
тел: +7 (727) 339-19-87
e-mail: info@almaty.tv

Шот № 0132
кум: 13.07.2026г

Ақпараттық хабарлама

2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауын әзірлеу және өткізу барысында сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін «Almaty» телерадиокомпаниясы» АҚ-ның «AlmatyTV» телеарнасында эфир уақытын және Almaty.tv сайтында интернет кеңістігін ұсырудың жалпы шарттары.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізуге байланысты кезектен тыс сайлауды жария ету және сайлауалды үгіт материалдарын тарату жөніндегі күнтізбелік жоспарының негізгі іс-шараларына сәйкес, «Almaty» телерадиокомпаниясы» АҚ – «AlmatyTV» телеарнасының меншік иесі (бұдан әрі – **Телеарна**) ақпараттық материалдарды орналастыру үшін Телеарнаның эфир уақытын ұсыну құны, шарттары және тәртібі туралы хабарлайды.

Материалдарды орналастыру **2026 жылғы 23 шілде сағат 18:01-де** басталып, **2026 жылғы 22 тамыз сағат 00:00-де** аяқталады.

Ақпараттық материалдардың саны, ұзақтығы, эфирге орналастырылатын болжамды күні мен уақыты шартта көрсетіледі.

Телеарнаның эфир уақыты төменде көрсетілген ақпараттық материалдарды орналастыру арқылы ұсынылады:

- 1) Телеарна эфирінде мемлекеттік және орыс тілдеріндегі ақпараттық материалдар;
- 2) **Almaty.tv** сайтында мемлекеттік және орыс тілдеріндегі ақпараттық материалдар.
- 3) өзге де ақпараттық материалдар.

Ақпараттық материалдарды орналастыруға өтінімдер **2026 жылғы 15 шілдеден бастап 17 тамызға дейін**, жұмыс күндері күн сайын **сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін** мына мекенжай бойынша қабылданады: **Алматы қаласы, Ғабдуллин көшесі, 88А үй, 211-кабинет**. Байланыс телефоны: **+7 (727) 339-39-01, ішкі 270**.

Ақпараттық материалдарды орналастыру үшін ұсынған тараптар олардың мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, оның ішінде авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы талаптарға сәйкестігіне жауапты болады.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген талаптар мен тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ шарт талаптары бұзылған кезде ақпараттық материалдарды орналастыру жүзеге асырылмайды немесе бұзушылықтар жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Телеарна ақпараттық материалдарды орналастырудан, егер оларда конституциялық құрылысты күшпен өзгерту, Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзу, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіру идеялары, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, сословиелік және рулық алауыздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихаттау, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскерилендірілген құралымдар құру идеялары қамтылған жағдайда бас тартады.

Телеарна ақпараттық материалдарда үшінші тұлғалардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіруі мүмкін ақпарат болған жағдайда оларды эфирге шығарудан бас тартуға құқылы.

almaty.tv

Ақпараттық материалдарды орналастыру құны
(мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бейнероликтер)

Орналастыру уақыт аралығы	Эфирге шығу күндері	Құны, теңгемен, ҚҚС қоса есептегенде, 1 минутқа
06:00- 24:00	дүйсенбі-жексенбі	86 000

Ақпараттық материалдарды динамикалық баннерлер (плашкалар) түрінде орналастыру құны
(мемлекеттік және орыс тілдерінде)

Орналастыру уақыт аралығы	Эфирге шығу күндері	Құны, теңгемен, ҚҚС қоса есептегенде, 10 күнге (100 рет шығады)
06:00- 24:00	дүйсенбі-жексенбі	200 000

**Динамикалық баннер (плашка) – графикалық анимациялық бейне (экран аумағының 7,5%-ын құрайды), дайын баннердің ұзақтығы 20 секундтан аспайды.*

Almaty.tv сайтында мақала түріндегі ақпараттық материалдарды орналастыру құны
(мемлекеттік және орыс тілдерінде)


Таңбалар саны	Эфирге шығу күндері	Құны, теңгемен, ҚҚС қоса есептегенде
4 000-ға дейін	дүйсенбі-жексенбі	250 000

Сұхбат түріндегі ақпараттық материалдарды орналастыру құны
(мемлекеттік және орыс тілдерінде)

Орналастыру уақыт аралығы	Эфирге шығу күндері	Құны, теңгемен, ҚҚС қоса есептегенде, 1 минутқа
06:00- 24:00	дүйсенбі-жексенбі	86 000

Орналастыру құны Телеарнаның барлық қолжетімді хабар тарату орталарында (эфирлік, аналогтық, эфирлік цифрлық, спутниктік, сондай-ақ кабельдік операторлар және интернет желісіндегі онлайн хабар тарату арқылы) трансляциялануын және ретрансляциялануын қамтиды.

«Almaty» телерадиокомпаниясы» АҚ
Бас директоры



Базарбаев Т.Т.